

Бекітемін:
Басшының тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары _____ Ұ.Абзелова

«ҒАЖАЙЫП ТЕАТР»

үйірмесінің жоспары.

Жетекшісі:Алиева М.Б.

Ақсукеңт -2022 ж

Кіріспе

«Қуыршақтар ойнайды» үйірмесі – қуыршақтар арқылы ойын көрсететін театрдың бір түрі. Қуыршақты актер қимылға келтіріп, оның сөзін көбінесе өзі, кейде көркемсөз оқушы айтып тұрады. Қуыршақ түріне, оны қимылға келтіру тәсіліне, сахнасына қарай қуыршақ театры бірнеше топқа жіктеледі: киіlmелі (қолға киіп ойнайтын), сылдырмақты (жіп немесе сым арқылы қозғалтатын), суретке түсірілген қуыршақтармен (қағаздағы қуыршақ кескінін экранға түсіретін) ойын көрсететін театрлар, т.б. Мен осы театрлардың ішінен «Қуыршақтарды қолға киіп ойнайтын» киіlmелі түрін таңдап алып, соған авторлық бағдарлама жасадым. 1-ші сынып оқушысына қызықты болады деп ойлаймын. Саусақтарын ертегідегі кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне байланысты қозғалтуды үйренеді.

«Қуыршақтар ойнайды»- үйірмесіне 15 балаға дейін қатыса алады. Бұл көрсеткіш санитарлық-гигиеналық нормаға сай. Үйірмеге аптасына 1 сағат, жылына 33 сағат бөлінген. Бұл өнерді балалар біртіндеп меңгереді. Тарихын меңгереді, қуыршақпен жұмыс істеу білігін жаттықтырады, қуыршақ жасап, қойылымға кіріседі. Актерлік қабілеттерін ұштайды. Образға енуді үйренеді. Мұғалім қойылымның көркемдік жағына, безендірілуіне, қойылуына көп көңіл бөлуі керек. Қойылымның барлығы жасқа сай, тәрбиелік мәні зор болуы шарт. Сабақтардың ұйымдастырылу тәсілдері әртүрлі болады.

«Қуыршақтар ойнайды» үйірмесі -бұл балалардың жақсы көретін театрларының бірі. Ол балаларды өзінің әсемдігімен, динамикасымен қызықтырады. Қуыршақ театрында балалар өздеріне таныс ойыншықтармен жүздеседі: аю,қоян,ит,қасқыр т.б. Көрініс өзіндік ерекшелігімен балаларды қызықты, сырлы әлемге бірден баурай кетеді.

Қуыршақ театры балаларға көп қуаныш, жағымды эмоция әкеледі. Бұның тәрбиелік мәні өте зор. Кіші мектеп жасындағы бала үшін маңызды уақыт. Себебі осы уақытта оның талғамы, көз-қарасы, қызығушылығы қалыптаса бастайды,сондықтан балаға достық, шыншылдық, өзара түсіністік,тапқырлық, қайсарлық, т.б. мінез ерекшеліктерін үлгі ретінде көрсету маңызды. Осындай мақсаттарды іске асыруда қуыршақ театры септігін тигізеді. Қуыршақ театры адамдарға бірталай әсер етеді: көркем образдар, персонаждар, безендіру мен әуен- бұның бәрі іспеттес. Баланың нақтылы ойлауын жеңілдетеді, әдеби шығарманың мазмұнын дұрыс, қанық түсінуге көмектеседі және оның көркемдік талғамының дамуына ықпалын тигізеді. Кіші мектеп жасындағы балалар эмоционалды тұрақсыз келеді. Олар белсенді қатысып, қуыршақтардың сұрақтарына шапшаң жауап беруді үйренеді, оларға кеңес беріп, қауіптен сақтауға ұмтылады. Шеберлікпен, образға кіріп ойнаған қойылым жағымсыз қылықтарды бағалауға, ал жағымды кейіпкерге ұқсағысы келуі сезімін тудырады. Театрда көргені баланың дүниетанымын дамытып, мәңгілікке есте қалады.

Балалар көрген-білгенін ата-анасына, жолдастырына айтады, сөйтіп баланың тілі дамып, өзінің сезімін білдіру машығы қалыптасады. Балалар салған суреттерінде қойылым эпизодтарын бейнелейді, ермексазбен мүсіндеп, өзара қойылымдар қоюға жетелейді. Бұндай ойындар шығармашылық күш пен балалардың қабілеттерін дамытады. Осылайша, қуыршақ театры баланың жан-жақты дамуына ықпалын тигізеді.

Мақсаты:

- Балаларды театр әлемімен таныстыру;
- «Образға кіру» туралы түсінік беру;
- Театр әлемінің есігін паш ету;
- Қазақ тіліне деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу;
- Оқушының шығармашылығын театр түрлері арқылы дамытып, сөйлеу қабілеттерін жан - жақты жетілдіру

Міндеттері:

- *Театрды өнер ретінде таныстыру;
- *Қуыршақ театрының тарихымен таныстыру;
- *Халық ертегілерінің поэзиясын түсінуге үйрету;
- *Кітап оқу қызығушылығын арттыру;
- *Сөйлеу тілін, дүниетанымын дамыту;
- *Сезімін білдіріп, көпшілікте сөйлеп, өзін-өзі ұстауды үйрету.
- *Балалардың өмірін қызықпен, қуанышпен толтыру;
- *Қуыршақтар тігуге бейімдеу;
- *Театр қойылымдарында меңгерген машықтары мен біліктерін күнделікті өмірде қолдануын талап ету.

Күтілетін нәтиже:


Қуыршақтармен ойналатын ойын түрлері туралы түсініктері болады;
Диалог бойынша сөйлесу арқылы тіл мәдениетін жетілдіреді;
Балалар «Қуыршақтар ойнайды»- үйірмесі арқылы армандарының орындалып, қиялдарының қанаттауына оң әсер беретінін ұғынады;
Ертегіні теледидардан көргеннен гөрі, қуыршақтармен ойнаған қойылымдардың ерекше екендігіне көз жеткізеді;
Белсенділік, қайырымдылық, ұжымдық дағдылары қалыптасады.
Қуыршақты алып жүру тәсілдерін игереді;
Театрландырылған әрекеттердің қатысушысы болуға ұмтылады;
Ойындар мен ойдан шығарылған әрекеттерді мәнерлі орындайды;
Шығарма кейіпкерлеріне аяушылық білдіреді, жанашырлығын көрсете отырып өз ойын білдіреді;
Қуыршақты басқаруды, режиссерлік театрлық ойындарда көрермендерге байқатпай ұстауды, кейіпкердің пішінін немесе қуыршақты дұрыс жүргізуді, жүруді, жүгіруді, секіруді, ишараны және қимылды үйлестіруді, сәлемдесу мен қоштасуды, келіскенді және келіспегенді белгілей алады.


«Ғажайып театр»- үйірмесінің
жоспары
аптасына 1 сағат

№	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1.	Топтың құрылуы.	1	
2.	Қуыршақ театрының түрлерімен таныстыру	1	
3.	Қуыршақ театры	1	
4.	Үстел үсті театры	1	
5.	Көлеңке театры	1	
6.	Қасық театры	1	
7.	Конус театры	1	
8.	Үйірмеге қатысушылармен мәнер, дикциямен жеке жұмыс.	1	
9.	Әртүрлі ертегілер арасындағы диалог	1	
10.	«Үйшік»- ертегісі	1	
11.	«Тиін мен Қасқыр»- ертегісі	1	
12.	«Түлкі мен қоян»- ертегісі	1	
13.	«Шалқан» ертегісі	1	
14.	«Бауырсақ»ертегісі	1	
15.	«Жеті лақ»ертегісі	1	
16.	«Арыстан мен Тышқан»- ертегісі	1	
17.	«Жыл басына таласқан жануарлар»- ертегісі	1	
18.	«Түлкі, аю және қойшы»- ертегісі	1	
19.	«Ұр, тоқпақ»- ертегісі	1	
20.	«Алдар көсе» хикаялары	1	
21.	Қорытынды	1	


Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Жануарлар туралы ертегілер («Аруна» баспасы) 2014 жыл
- 2.Жаңылтпаштар жинағы (Абдрахман Асылбек. Жапырақтар: балаларға арналған өлеңдер, мысалдар, жаңылтпаш, жұмбақтар, санамақтар, аудармалар) 2012 жыл
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші (негізгі) деңгей 2014 жыл
4. Қазақ балалар хрестоматиясы, Авторы: Ш.Ахметов 2015-2016 жыл
5. Ғаламтор сайттары, E-mail:aruna ltd@mail.ru
6. Батырлар туралы ертегілер Алматы: «Аруна» баспасы. 2015 жыл, Әлем ертегілері «Ағайынды Гримм ертегілері Аруна баспасы.2010 жыл»
7. «Балдырған», «Айгөлек» журналдары 2014,2015 жыл

Педагогтің аты-жөні				
Күні:				
Сынып:		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы		Үйірге қатысушылармен мәнер, дикциямен жеке жұмыс.		
Сабақтың мақсаты		Оқушылардың сахнада сөйлеу мәнерін қалыптастыру. Айтылым дағдысы кезіндегі функциялардың дұрыс қолданылуын дамыту. Анық, таза сөйлеуге үйрету.		
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы	<p>Ширату. «Пазл» әдісі арқылы топқа бөлу.</p>  <p>Оқушылар құрастырған суретте не байқадыңыздар? Сабақ тақырыбы мен мақсаты хабарланады.</p>	Психологиялық ахуалға берілген психологиялық жаттығуларды орындау арқылы жаңа сабаққа назар аудару.	ҚБ: От шашу арқылы бір-бірін бағалау.	Психологиялық ахуал.
Ортасы	<p>1-тапсырма. Жұмыс түрі: мәтін беріледі. Мәтінді орфоэпиялық нормаға сай оқып беру Мысалы -ды деп аяқталатын сөздің соңғы дыбысын т деп айту.</p> <p>Бір үзім нан. Бір жылы көктемде алапат су тасқыны болады. Бай алтынын көтеріп ағаштың басына шығып кетеді. Ал кедей болса, бір көмеш нанын қойнына салып, ол да ағаштың басына көтеріледі. Су тасқыны он бес күнге созылады. Бір күн қарны ашқан бай кедейге:</p> <p>- Әй, кедей, сен мына бір кесек алтынды ал да, маған бір үзім нан бер, - дейді. - Жоқ, алтының өзіңе, нан бере алмаймын, - деп жауап береді кедей.</p> <p>Екінші күні бай кедейден тағы да нан сұрайды.</p> <p>- Алтынымның жартысын берейін, - дейді ол бұл жолы. - Жоқ, бере алмаймын, - деп бұл жолы да кедей келіспейді.</p> <p>Ақыры аштан өліп бара жатқан соң шыдамай, бай бір үзім нанға барлық алтынын айырбастайтынын айтады. Кедей бәрібір көнбейді. Бойынан күші кеткен бай басы айналып, суға құлап кетеді. Ал, келесі күні су тоқтап, кедей ағаштың басынан түседі. Халықтың: «Алтын, күміс – тас екен, арпа, бидай – ас екен» дейтіні орай айтылғаны екен.</p> <p>Тышқан мен нәрсете» Алыстағы бір ауылда жесір қалған жүкті әйел өзіне серік болсын деп таудағы жаралы ақ тышқанды (күзен)асырап алады. Ақ тышқан әйелдің қасынан бір сәтте де айырылмапты. Қаншалықты үй жануары болмаса да, барынша тіл алғыш болады. Бірнеше ай өткен соң әйел босанады. Жалғыз басты әйел үшін барлық қиыншылықтарға төтеп беруге және баласын асырап бағуға тура келеді. Күндердің күнінде баласын үйіне тастап, біраз уақытқа сыртқа шығуына мәжбүр болады. Алайда үйде нәресте мен ақ тышқан қалады.</p>	Мәтінді орфоэпиялық нормаға сай оқып беру Мысалы -ды деп аяқталатын сөздің соңғы дыбысын т деп айту.	ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.	

	<p>Арада біраз уақыт өткен соң әйел үйіне оралады. Есіктің алдында аузы-басы қанға боялған ақ тышқанды көргенде зәр-иманы қалмай, аласұрып, ақ тышқанға бас салады. Сөйтіп, тышқанды өлтіріп тастайды. Дәл сол мезетте ішкі бөлмеден нәрестенің дауысы шығады. Анасы жүгіріп барып қараса, бөлменің ішінде бесікті, бесіктің ішіндегі нәрестені және нәрестенің қасында паршаланып жатқан жыланды көреді...</p> <p>Маша мен Аю ертегісіндегі Машаның ауыз кимылынан қандай әріпті көруге болатынын жаз. Қай жаттығуға сәйкес келетінін та</p> 	<p>Маша мен Аю ертегісіндегі Машаның ауыз кимылынан қандай әріпті көруге болатынын жаз. Қай жаттығуға сәйкес келетінін тап.</p>		
<p>Соңы</p>	<p>-тапсырма. «Шынжыр» әдісі Берілген әзіл жаңылтпаштарды топ мүшелерімен бірге тізбектеліп айт. Ретін сақта.</p> <p>аз-аз-аз Құдықты қаз. Қаңқылдайды қаз. Келіп қалды жаз. Болып қапты жаз. Атаңа хат жаз.</p> <p>ән-ән-ән Қамба толы дән. Әжем айтқан ән. Құрып жүргін сән.</p> <p>ақ-ақ-ақ Астыңда болсын тақ! Алла болсын жақ! Басыңа қонсын бақ! Атам маған жақ. Гүлденіп кетті бақ Әжем маған жақ. Боларсың өркез сақ. Секіреді лақ. Шұнандайды лақ. Сылдырайды бұлақ.</p> <p>ер-ер-ер Қасиетті жер. Төгілді көп тер. Жемістерді тер. Аға соңынан ер. Сұрағанын бер. лау-лау-лау Желбірейді жалау Лапылдайды алау.</p>		<p><u>ҚБ:</u></p>	<p>Топтық тапсырмалар.</p>


Педагогтің аты-жөні	
Күні:	


Сынып:		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы		Әртүрлі ертегілер арасындағы диалог		
Сабақтың мақсаты				
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы	<p>Психологиялық ахуал қалыптастыру.</p> <p>Жұмыс ережесін келісу</p> <ul style="list-style-type: none"> ☉ Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! ☉ Уақытты үнемдейміз! ☉ Нақты, дәл жауап береміз! ☉ Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! ☉ Сабаққа белсене қатысып, жақсы бағааламыз! <p>Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда)</p>	<p>Психологиялық ахуалға берілген психологиялық жаттығуларды орындау арқылы жаңа сабаққа назар аудару.</p>	<p>ҚБ: От шашу арқылы бір-бірін бағалау.</p>	<p>Психологиялық ахуал.</p>
Ортасы	<p>1- тапсырма. Әр топқа ертегілер үлестіріледі. «Мақта қыз бен мысық» ертегісі. Ертегіні оқып суретті ретімен орналастыру.</p> <p>«Екі дос пен аю» ертегісін оқып түсініп ертегінің желісі бойынша ертегіден үзінді қойылым жасайды.</p> <p>І«Хайуанаттардың жыл басына таласуы» ертегісін оқып ертегі үзіндісінен қойылым жасайды.</p> <p>Бағалау формасы «Шапалақ» әдісі</p>  <p>3- тапсырма. Сәйкестендіру. Сурет пен ертегінің атауын сәйкестендіру. Қасық пен айыр Қиялшылар Алтын балта Балықтар неге сөйлейді Екі дос пен аю Екі лақ Түлкі мен бөдене Қорқақ қоян Кім күшті Қасқыр мен кісі Кішкентай маса Арыстан мен түлкі Ай мен күн Ақылды егінші Кішкентай тас пен құмырсқа Түлкі, аю және қойшы Арыстан мен тышқан Еріншек Алтын санаған өледі Түлкі мен құмырсқа Ақшақар мен жеті гном Алтын балық</p>	<p>«Мақта қыз бен мысық» ертегісі. Ертегіні оқып суретті ретімен орналастыру Екі дос пен аю» ертегісін оқып түсініп ертегінің желісі бойынша ертегіден үзінді қойылым жасайды.</p> <p>І«Хайуанаттардың жыл басына таласуы» ертегісін оқып ертегі үзіндісінен қойылым жасайды.</p> <p>Компьютер арқылы слайдтарды қолдану арқылы ертегіге жарнам а немесе көрме жасайды. Бағалау формасы «Шапалақ» әдісі</p>	<p>ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.</p>	



Соңы			ҚБ:	Топтық тапсырмалар.


Педагогтің аты-жөні				
Күні:				
Сынып:		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы		Ертегі бойынша дайындық.		
Сабақтың мақсаты		Балаларға ертегі мазмұнын айтуға, сахналауға үйрету. Ертегі мазмұны арқылы адал достыққа тәрбиелеу.		
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы	<p>Психологиялық ахуал қалыптастыру.</p> <p>Жұмыс ережесін келісу</p> <ul style="list-style-type: none"> ☉ Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! ☉ Уақытты үнемдейміз! ☉ Нақты, дәл жауап береміз! ☉ Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! ☉ Сабаққа белсене қатысып, жақсы бағаламыз! <p>Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда)</p>	<p>Психологиялық ахуалға берілген психологиялық жаттығуларды орындау арқылы жаңа сабаққа назар аудару.</p>	<p>ҚБ: От шашу арқылы бір-бірін бағалау.</p>	<p>Психологиялық ахуал.</p>
Ортасы	<p>– Бүгінгі тыңдайтын ертегіміздің аты – «Бауырсақ». – Ертеде кімдер өмір сүріпті?</p> <p>– Шал кемпірге не дейді?</p> <p>– Пісірген бауырсағы қандай болыпты?</p> <p>– Бауырсақ не істейді? (Бауырсақтың орманға дөңгелеп бара жатқанын көрсету).</p> <p>– Бауырсақ қайда дөңгелеп бара жатыр ?</p> <p>– Бауырсақ қандай жануармен кездеседі?</p> <p>– Балалар, қоян қандай болады?</p> <p>Қоянға бауырсақ не деп ән салды?</p> <p>– Менің атым – Бауырсақ.</p> <p>Мені суға иледі, Мені майға пісірді. Терезенің алдына Суытуға қойды. Атайдан мен құтылдым, Әжейден мен құтылдым. Енді сенен құтылу, Қиын емес бұл маған, – дейді де әрі қарай домалай жөнеледі.</p> <p>– Бауырсаққа тағы қандай аң кездеседі?</p> <p>– Балалар, қасқыр қандай болады?</p> <p>– Қасқырға қандай ән айтып береді?</p> <p>– Содан кейін қайсы аң кездеседі?</p> <p>– Балалар, аю қандай болады?</p> <p>– Аюға қандай ән айтып береді?</p> <p>– Содан кейін қайсы аң кездеседі?</p> <p>– Балалар, түлкі қандай болады?</p> <p>– Түлкіге қандай ән айтып береді?</p> <p>– Одан кейін не болады?</p> <p>– Түлкі қулығын асырып, бауырсақты жеп қояды.</p> <p>Тәрбиеші балаларға жаңа сөздерді қайталайды:</p> <p>-Бауырсақ-булочка. -Қасқыр-волк. -Қоян- заец. -Аю-медведь -Түлкі-лиса. Сергіту сәті:</p>	<p>Тыңдайды.</p> <p>Ертегінің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді.</p> <p>– Шал мен кемпір. – «Бауырсақ пісір», – дейді. – Дәмді, қызғылт-сары.</p> <p>– Орманға дөңгелеп кетеді. – Қоянмен кездесті. – Қоян қорқақ, кішкентай</p> <p>– Қасқыр. –Түсі сұр, тістері сояудай. Балалар хормен Бауырсақтың әнін айтады.</p> <p>– Аю. – Үлкен, маймақ. Қорбандап жүреді. Бауырсақтың әнін хормен айтады. – Түлкі. – Түлкі қу болады. Бауырсақтың әнін қайталайды. Балалар қайталайды: Бауырсақ-булочка. -Қасқыр-волк. -Қоян- заец. -Аю-медведь</p>	<p>ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.</p>	

	<p>Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп аламыз, Қалтамызға саламыз. Тәрбиеші балаларға «Бауырсақ» ертегісін сахналауға жетекшілік етеді. («Қ» дыбысының анық айтылуына мән береді).</p>	<p>-Түлкі-лиса. Бірге қайталап, сәйкес қимыл жасайды. Балалар рөлдерге бөліп ойнайды.</p>		
Соңы	<p>Жаңа білім мен тәжірибені қолдану – Балалар, бүгін біз қандай ертегі тыңдадық? – Ертегіде қандай жануарлар бар екен? – Түлкі қандай болып шықты? Балаларды мадақтау</p>		<u>КБ:</u>	Топтық тапсырмалар.
Кері байланыс	<p>Біледі: ертегіні диалог түрінде әңгімелеу және «к» дыбысын анық айтуды; Игереді: ертегінің мазмұнын сахналауды; Меңгереді:ертегі кейіпкерлерінің қимыл- қозғалысын көрсетуді.</p>	<p>Сабақтан алған әсерлерін стикерге жазып, суретін жібереді.</p>		Кері байланыс тақтайшасы.

Педагогтің аты-жөні				
Күні:				
Сынып:		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы		«Тиін мен Қасқыр»- ертегісі		
Сабақтың мақсаты		Байланыстырып сөйлеуі арттыру. Мазмұнын әңгімелеуге, рөлде ойнауларын жетілдіру. Ойнау шеберлігін дамыту.		
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы	<p>Психологиялық ахуал қалыптастыру.</p> <p>Жұмыс ережесін келісу</p> <ul style="list-style-type: none"> ☉ Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! ☉ Уақытты үнемдейміз! ☉ Нақты, дәл жауап береміз! ☉ Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! ☉ Сабаққа белсене қатысып, жақсы бағааламыз! <p>Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда)</p>	<p>Психологиялық ахуалға берілген психологиялық жаттығуларды орындау арқылы жаңа сабаққа назар аудару.</p>	<p>ҚБ: От шашу арқылы бір-бірін бағалау.</p>	<p>Психологиялық ахуал.</p>
Ортасы	<p>-Балалар, бүгін біз «Ақ тиін мен қасқыр» ертегісімен танысамыз, сахналаймыз. -Ақ тиін бұтақтан –бұтаққа секіріп жүріп, ұйықтап жатқан қасқырдың үстіне құлайды. Қасқыр қарғып тұрып, оны жегісі келеді. Тиін: Жалынып, -мені жеме, жібер. Қасқыр:- Жарайды, жіберемін, бірақ сен маған айт! Неліктен сендер әр уақытта шаттанып жүресіңдер? Тиін:- Мені жіберіңіз, сонан соң айтайын, сонан соң айтайын, әйтпесе жүрегім алқынып, сөйлей алатын емеспін. -Қасқыр ақ тиінді босатады. Ақ тиін ағаш басына шығып алып:</p> <p>Тиін: Сен, қасқыр, залымсың, заымдық ішінді жандырады, сондықтан әрқашан қапалы жүресің. Біз ешкімге жауыздық істемейміз, сол үшін де әр уақытта шаттанып жүреміз. -Міне, балалар көңілді жарқын жүресің, бұл көңіл-күй адамдарға да, жануарларға қуаныш сыйлайды. Бір жұмбақ жасырамын. Жаңғақ жауған орманда, күндіз қорек айырып, Жатады кеш болғанда, өз құйрығын жамылып. Белестен шапқан бесті ат, Бүкір келген жемісті ат. Бейғам елді іздейді. Малдан күдер үзбейді. -Ертегі қалай аталады? - Қандай ертегі кейіпкерлері бар? -Қай кейіпкер ұнады? -Қасқыр қандай аң? -Енді ертегіні бірге сахналайық.</p>	<p>Берілген сұраққа жауап беріп, тапсырмаларды талапқа сай орындайды.</p>	<p>ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.</p>	
Соңы	<p>Жаңа білім мен тәжірибені қолдану</p> <p>Білу керек: құлықтан құтылудың түрлі әдістерін жасауды;</p> <p>Игеруі тиіс: мазмұнын әңгімелеуге, рөлде ойнауды жетілдіруді;</p> <p>Меңгеру керек: ертегіні кейіпкерлердің іс-қимылын келтіре сахналауды</p>		<p><u>ҚБ:</u></p>	<p>Топтық тапсырмалар.</p>
Кері байланыс		<p>Сабақтан алған әсерлерін стикерге жазып, суретін жібереді.</p>		<p>Кері байланыс тақтайшасы.</p>

Педагогтің аты-жөні				
Күні:				
Сынып:		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы		Қуыршақ театрдың түрімен таныстыру.		
Сабақтың мақсаты		Қуыршақты қолға киіп ойнайтын театрдың «Киіlmелі» түрімен таныстыру, мамандарымен таныстырып, өнер, өнер адамдары туралы мәліметтер бере отырып, оларды құрметтеуге тәрбиелеу, оқушылардың өнерге деген қызығушылықтарын ояту		
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы	<p>Психологиялық ахуал қалыптастыру.</p> <p>«Әсерлерімізбен бөлісейік» жылудық шеңбері</p> <p>Педагог балаларға 1-2 минут көздерін жұмып,өздерін тағы да табиғат аясында,көк майса шалғында жатып,көк аспан,аппақ бұлттарды көріп,құстардың сайраған әнін,судың сыбдырын естіген кездерін елестетуді ұсынады.</p> <p>Жұмыс ережесін келісу</p> <ul style="list-style-type: none"> ☉ Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! ☉ Уақытты үнемдейміз! ☉ Нақты,дәл жауап береміз! ☉ Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! ☉ Сабаққа белсене қатысып, жақсы бағааламыз! <p>Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда)</p>	<p>Психологиялық ахуалға берілген психологиялық жаттығуларды орындау арқылы жаңа сабаққа назар аудару.</p>	 <p>ҚБ: От шашу арқылы бір-бірін бағалау.</p>	<p>Психологиялық ахуал.</p>
Ортасы	<p>Қуыршақ театры – қуыршақтар арқылы ойын көрсететін театрдың бір түрі. Қуыршақты актер қимылға келтіріп, оның сөзін көбінесе өзі, кейде көркемсөз оқушы айтып тұрады.</p> <p>Қуыршақ түріне, оны қимылға келтіру тәсіліне, сахнасына қарай қуыршақ театры бірнеше топқа жіктеледі:<i>киіlmелі</i> (қолға киіп ойнайтын), <i>сылдырмақты</i> (жіп немесе сым арқылы қозғалтатын), <i>суретке түсірілген қуыршақтармен</i> (қағаздағы қуыршақ кескінін экранға түсіретін) ойын көрсететін театрлар, т.б.</p> <p>11-ғасырда “Діни жазба” тақырыбына ойын көрсететін қуыршақ театрының ерекше түрі пайда болды. Театр ойынындағы басты бейне Марияның атымен марионетка қуыршағы дүниеге келді. Халық қуыршақ театры жайындағы тұңғыш жазба мұра Италияда сақталған.</p> <p>1930 ж. 25 мемлекеттік қуыршақ театры жұмыс істеді.</p> <p>1931 ж. Мәскеуде бүкіл Кеңес Одағындағы қуыршақ театрының дамуына зор ықпал жасаған Мемлекеттік Орталық қуыршақ театры ашылды.</p> <p>Қазақ жеріндегі қуыршақ театры ұлттық ойындардан бастау алған. Ертеден келе жатқан “Ортеке” ойыны осының айқын дәлелі. Ағаштан жонылып жасалған киік немесе ат мүсіншесін сылдырмақтап жіп тағып, домбыра тартқанда жіптің бір ұшын ішекті шертер саусаққа іліп билететін болған. Тартылған күй ырғағына қарай “Ортеке” ойын көрсеткен.</p> <p>Практикалық бөлім:</p>	<p>Берілген сұраққа жауап беріп, тапсырмаларды талапқа сай орындайды.</p>	<p>ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.</p>	

Соңы	<p>Жаңа білім мен тәжірибені қолдану</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қуыршақ театры дегеніміз не? 2. Қуыршақпен өнер көрсетудің қандай түрлері бар? 3. 11 ғасырда пайда болған қуыршақ қалай аталады? 4. Қазақ жеріндегі қуыршақ театры неден бастау алады? 		<p>ҚБ: <u>Бағдаршам</u> <u>көздері</u> <u>арқылы бір-</u> <u>бірін</u> <u>бағалау.</u></p> 	Топтық тапсырмалар.
Кері байланыс	<p>«Бағдаршам» кері байланыс.</p> <p>Бағдаршам дегеніміз байланыс</p>  <p>Қызыл – мен өзіме тән білімім Сары – менің ақыл-парасатым Жасыл – менің бағдарым</p>	Сабақтан алған әсерлерін стикерге жазып, суретін жібереді.	«Бағдаршам»	Кері байланыс тақтайшасы.

Педагогтің аты-жөні				
Күні:				
Сынып:		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы		Қуыршақ театры		
Сабақтың мақсаты		Қуыршақпен жұмыстың негізгі ережелерімен таныстыру		
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы	Жұмыс ережесін келісу <ul style="list-style-type: none"> ☉ Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! ☉ Уақытты үнемдейміз! ☉ Нақты, дәл жауап береміз! ☉ Сабақта өзіміздің шапшандығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! ☉ Сабаққа белсене қатысып, жақсы бағаламыз! 	Психологиялық ахуалға берілген психологиялық жаттығуларды орындау арқылы жаңа сабаққа назар аудару.	ҚБ: От шашу арқылы бір-бірін бағалау.	Психологиялық ахуал.
Ортасы	<p>Тапсырма: Әр түрлі қуыршақ театрлары туралы видеолар көрсету. Қуыршақтың аттарын атап, суреттерін көрсету Мәтінді оқыңдар. Қуыршақ театры – қуыршақтар арқылы ойын көрсететін театрдың бір түрі. Қуыршақты актер қимылға келтіріп, оның сөзін көбінесе өзі, кейде көркемөз оқушы айтып тұрады. Қуыршақ түріне, оны қимылға келтіру тәсіліне, сахнасына қарай қуыршақ театры бірнеше топқа жіктеледі: киімді (қолға киіп ойнайтын), сылдырмақты (жіп немесе сым арқылы қозғалтатын), суретке түсірілген қуыршақтармен (қағаздағы қуыршақ кескінін экранға түсіретін) ойын көрсететін театрлар, т.б. Қазақ жеріндегі қуыршақ театры ұлттық ойындардан бастау алған. Ертеден келе жатқан “Ортеке” ойыны осының айқын дәлелі. Ағаштан жонылып жасалған киік немесе ат мүсіншесін сылдырмақтап жіп тағып, домбыра тартқанда жіптің бір ұшын ішекті шертер саусаққа іліп билететін болған.</p>	Берілген сұраққа жауап беріп, тапсырмаларды талапқа сай орындайды.	ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.	
Соңы	Жаңа білім мен тәжірибені қолдану <ol style="list-style-type: none"> 1. Қуыршақ театры дегеніміз не? 2. Қуыршақпен өнер көрсетудің қандай түрлері бар? 3. Қазақ жеріндегі қуыршақ театры неден бастау алады? 		ҚБ: <u>Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау.</u>	Топтық тапсырмалар.
Кері байланыс	<p>«Бағдаршам» кері байланыс.</p>  <p>Бағдаршам әдісі байланыс бағалау Қызыл – мен білгенім түсініксіз Сары – мен білгенім әлі де түсініксіз Жасыл – мен білгенім түсінікті</p>	Сабақтан алған әсерлерін стикерге жазып, суретін жібереді.	«Бағдаршам»	Кері байланыс тақтайшасы.

Педагогтің аты-жөні				
Күні:				
Сынып:		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	

Сабақтың тақырыбы	«Үйшік»- ертегісі			
Сабақтың мақсаты	Балаларды үйшік ертегісімен таныстыру. Ертегінің мазмұнын түсіндіру арқылы сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілетін қалыптастыру. Ертегіні сахналауға, достық қарым-қатынасты бағалай білуге баулу.			
Сабақтың кезең Уақы	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы	<p>Жұмыс ережесін келісу</p> <ul style="list-style-type: none"> ☉ Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! ☉ Уақытты үнемдейміз! ☉ Нақты, дәл жауап береміз! ☉ Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! ☉ Сабаққа белсене қатысып, жақсы бағааламыз! 	Психологиялық ахуалға берілген психологиялық жаттығуларды орындау арқылы жаңа сабаққа назар аудару.	ҚБ: От шашу арқылы бір-бірін бағалау.	Психологиялық ахуал.
Ортасы	<p>Жазық далада бір үйшік тұр. Шықылдауық тышқан тоқтай қалып сұрайды: — Үйшік-үйшік! Кім үйшікте тұрады? Ешкім үн қатпады. Тышқан үйшікке кіріп өмір сүреді. Бақылдап бақа келеді: — Үйшік-үйшік! Кім үйшікте тұрады? — Мен, шықылдауық тышқанмын. — Ал мен, бақылдаған бақамын. — Кел, бірге тұрайық! — деп бақа мен тышқан үйшікте бірге өмір сүреді. Секендеп қоян келеді. Тоқтай қалып сұрайды: — Үйшік-үйшік! Кім үйшікте тұрады? — Мен, шықылдауық тышқанмын. — Мен,..бақылдаған бақамын. — Ал сен кімсің? — Мен, секендеген қоянмын. — Кел, бізбен тұр! Енді олар үшеуі үйшікте тұрады. Терезені түлкішек-әпке тоқылдатады: — Үйшік-үйшік! Кім үйшікте тұрады? — Мен, шықылдауық тышқанмын. — Мен, бақылдаған бақамын. — Мен, секендеген қоянмын. — Ал сен кімсің? — Мен түлкішек-әпкемін. — Кел, бізбен тұр! Енді олар төртеу болады. Жүгіріп келіп есіктен сұр қасқыр сұрайды: — Үйшік-үйшік! Кім үйшікте тұрады? — Мен, шықылдауық тышқанмын. — Мен, бақылдаған бақамын. — Мен, секендеген қоянмын. — Мен, түлкішек-әпкемін. — Ал сен кімсің? — Мен, сұр қасқырмын. — Кел, бізбен тұр! Енді олар бесеу болады. Барлығы көңілді өмір сүріпті, ән айтыпты.(4-сурет) Бір күні қорбандаған аю үйшіктен шыққан дауыстарды естіп, тоқтап айқайға салады: — Үйшік-үйшік! Кім үйшікте тұрады? — Мен, шықылдауық тышқанмын. — Мен, бақылдаған бақамын.</p>	Берілген сұраққа жауап беріп, тапсырмаларды талапқа сай орындайды.	ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.	

	<p>— Мен, секеңдеген қоянмын. — Мен, түлкішек-әпкемін. — Мен, сұр қасқырмын. — Ал сен кімсің?</p> <p>Енді олар төртеу болады. Жүгіріп келіп есіктен сұр қасқыр сұрайды: — Үйшік-үйшік! Кім үйшікте тұрады? — Мен, шиқылдауық тышқанмын. — Мен, бақылдаған бақамын. — Мен, секеңдеген қоянмын. — Мен, түлкішек-әпкемін. — Ал сен кімсің? — Мен, сұр қасқырмын. — Кел, бізбен тұр! Енді олар бесеу болады. Барлығы көңілді өмір сүріпті, ән айтыпты.(4-сурет)</p> <p>Бір күні қорбандаған аю үйшіктен шыққан дауыстарды естіп, тоқтап айқайға салады: — Үйшік-үйшік! Кім үйшікте тұрады? — Мен, шиқылдауық тышқанмын. — Мен, бақылдаған бақамын. — Мен, секеңдеген қоянмын. — Мен, түлкішек-әпкемін. — Мен, сұр қасқырмын. — Ал сен кімсің? — Мен, қорбандаған аюмын. — Кел, бізге!</p> <p>Аю кірейін-кірейін деп, кіре алмайды. — Мен, шатырда тұрайын. — Бізді басып қаласың. — Жоқ, қорықпаңдар. — Жарайды, шық.</p> <p>Аю отыра қалғанда үй: «тарс» — етіп құлады. Үйшіктен аман-есен: тышқан, бақа, қоян, түлкі, қасқыр қашып шықты. Барлығы бірігіп бөрене тасып, тақтай аралап үлкен үй салуға кірісті. Үйшіктері үлкен, биік, әдемі болып шықты!</p>			
Соңы	<p>Жаңа білім мен тәжірибені қолдану Күтілетін нәтиже: Біледі: ертегі кейіпкерлерін тани біледі. Игереді: сахналау арқылы мазмұнын игереді. Меңгереді: ертегіні зейін қойып тыңдап, кейіпкерлердің көңіл-күйін меңгереді.</p>			Топтық тапсырмалар.
Кері байланыс	«Бағдаршам» кері байланыс.	Сабақтан алған әсерлерін стикерге жазып, суретін жібереді.	«Бағдар шам»	